



1998 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы Хаттаманы бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 18 мамырдағы № 639 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2011 жылғы 15 қыркүйекте Астрахань қаласында жасалған 1998 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері туралы келісімге өзгеріс енгізу туралы Хаттама бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2012

жылғы

18

мамырдағы

№ 639

қаулысымен

бекітілген

1998 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы қазақ-ресей мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері туралы келісімге өзгерісті енгізу туралы Хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

1998 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі және Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы қазақ-ресей мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері туралы келісімнің (бұдан әрі - Келісім) 9-бабына сәйкес, Келісімге төмендегі өзгерісті енгізу туралы келісті:

1-бап

Келісімнің 4-бабы екінші абзацы мына редакцияда жазылсын: «Тараптар бір-бірін белгіленген өткізу пункттерін ашу немесе жабу туралы өткізу пункттерін ашуды немесе жабуды жоспарлаған мерзімге дейін 30 күн қалғанда хабарландырады».

2-бап

Осы Хаттама оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетшілік рәсімдерді Тараптардың орындауы туралы соңғы жазбаша хабарландыруды дипломатиялық арналар арқылы алған күннен бастап күшіне енеді.

Осы Хаттама өзінің күшін Келісімнің күші жойылғанмен бірге жояды. _____ қаласында 2011 жылғы _____ екі данада жасалды, әрбірі қазақ және орыс тілдерінде, оған қоса екі мәтіннің бірдей күші бар.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының
Үкіметі үшін